

"Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/153 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2016 жылғы 23 маусымдағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14020 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11623 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда аумақтық бөлімше өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетілген жауап жолдайды.

Аумақтық бөлімшелер мынадай негіздер бойынша рұқсат беруден бас тартады:

1) өтінім белгіленген нысан бойынша берілмеген;
2) рұқсат беру үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңымен және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңымен белгілеген талаптарға с ә й к е с к е л м е у і ;

3) өтінім берушіге қатысты жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (ү к і м і н і ң) б о л у ы . » ;

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде орналастыру үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы Е. Нысанбаев

«КЕЛІСІЛГЕН»

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар

Ұлттық экономика

министрі

министрі

_____ Д. Абаев

_____ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 24 маусым

2016 жылғы 29 маусым

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл

шаруашылығы

министрінің

2016

жылғы

23

маусымдағы

№ 271 бұйрығына

қосымша

Жануарларды

интродукциялады,

реинтродукциялады және

будандастыруды

жүргізуге

рұқсат

беру

қағидаларына

1-қосымша

Нысан

(аумақтық бөлімшенің толық атауы)

(заңды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі)

(мекенжайы, телефон нөмірі)

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беруге өтінім

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге (қажеттісінің астын сызу) рұқсат беруді с ұ р а й м ы н .

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізудің мақсаты _____

Жануар түрі _____

Жануардың саны мен салмағы _____

Жануардың жынысы _____

Жануардың жасы _____

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізудің мерзімі _____

Интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізу ауданы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап беретінім туралы хабардармын.

20__ жылғы _____

(өтінім берілген күн) (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М ө р о р н ы

Ақпараттық жүйелерде бар заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы «_____» _____

(қолы)